

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	28.08. - 01.09.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Аквариумдағы балықтарды коректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. (еңбек дағдылары)	"Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншық және құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. (еңбек дағдылары)		Бөлме өсімдіктерін күту. Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (курап қалған жапырақтарды алып тастау), күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	
	"Үйшікте кім тұрады?" ("Үйшік" ертегісі желісімен) үстел ойыны. Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау		"Лото" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын	

	Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.	қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. "Лото" үстел ойыны. Мақсаты. заттарды топтауға, зейінді, байқауды дамытуға үйрету. Балалар суреттердің жалпы атаулары		дұрыс атату. Ойын шарты: көгөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлімдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. (қоршаған ортамен таныстыру, танымдық дағдылар)	
--	--	---	--	---	--

		бойынша жинайды: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б.			
Таңертеңгі жаттығу	"Орман алаңқайында". "Күн шығады". Б.қ. - тік тұру, аяқ алшак; 1-3 - қолды алға, жоғары көтеру; Б.қ. "Күнге жылынамыз". Б.қ. қолды артқа ұстау; 1-2 - қолды алға созып, алақанды ашып, саусақты қозғалту, иілу; 3-4 - б.қ. "Ағаштар қозғалады". Б.қ. - қол төменде; 1- қол жоғарыда; 2- оңға, солға иілу. 3-4 - б.қ. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Кемпірқосақ" ойыны. Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау	"Тым-тырақай" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың			

	қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді. (	шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамуы. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер орнасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал, тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп			
--	--	--	--	--	--

		санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Жазғы ойын-сауықтар	Жазғы ойын-сауықтар		Жазғы ойын-сауықтар	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру,	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құстар туралы жалпы мағлұматтарды пысықтау; жылы жаққа ұшып кететін		Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы	

	жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы: Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды талап етеді. - Балалар, жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде, жолда жүреді.) - Бізге көлік не үшін керек? (жұмысқа, қонаққа, мектепке бару) - Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады. Еңбек әрекеті: кұрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. (еңбек	құстар туралы түсінікті игерту; қамқорлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. - Балалар, сендер қандай құстарды білесіңдер? - Құстар немен қоректенеді? - Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме? - Құстардың жазғы тіршілігі қандай? - Құстардың қандай түрлерін білесіңдер? - Құстар қандай дыбыс шығарады? біздің аулада ұшып жүрген құстардың арасында жыл құстары бар ма? Тақпақ. Бөдене, бөдене, Бұғып қалып көдеге, Ұстатпайды қусам да,		білімдерін бекіту табиғатты қорғауға тәрбиелеу Ағаштарды бұтағын, жапырақтарын қарау; кейбір ағаштар жапырақтарының пішіндері ұқсамайтынын байқату, қай ағашқа жататынын анықтату. Еңбек әрекеті: балабақша ауласындағы сынған бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Педагог қауіпсіздік ережелері жайында ескерту керек. "Өз ағашыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:	
--	--	---	--	---	--

	дағдылары) Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірге, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Құралдары: сыпырғыштар, қолғаптар. "Түрлі-түсті көліктер" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: заттар (рульдер) арқылы дене белсенділігін дамыту. "Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. Еңбек әрекеті: табиғи	Тойғызар ем бедеге. "Ұшты - ұшты" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге дағдыландыру. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала		табиғатты аялауға тәрбиелеу; ағаштарды ажыратуға бейімдеу. "Менің сүйікті ағашым" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың өздерінің сүйікті ағаштарын есте сақтап, суретін салып әңгімелеуге үйрету. Балалардың еркін ойыны. "Гүлдер мен аралар" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан- жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.	
--	--	--	--	--	--

	материалдарды жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау. Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу. Балалардың еркін ойыны.	ойыннан шығарылады. Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады. Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші		Балалардың еркін ойындары.	
--	--	---	--	--	--

		қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы			
--	--	--	--	--	--

		сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе- теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. Еңбек әрекеті: үлескені сыпыруға көмектесу. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа,			
--	--	--	--	--	--

		жинақылыққа баулу. Балалардың еркін ойыны. Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.			
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпюі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Сөз ойла, тез ойла" ойыны. Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту. Құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері Ойын барысы. Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) "Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу;	"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту. (қоршаған ортамен таныстыру) "Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар) "Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік		"Өз үйінді тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: ағаштардың бейнесі; үйлердің суреттері. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай	
---	---	---	--	---	--

	жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақнамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.	ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы		топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) "Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-құиялын даиыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара	
--	---	---	--	--	--

	Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі, еңбек дағдылары)	келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер" сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді. (қоршаған ортамен таныстыру)		қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі: кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы туралы. Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	
Балалармен жеке жұмыс	Тіл ұстарту: "Кім не істейді?"	Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар		"Күн" саусақ жаттығуы.	

	Тасшы тас қалады, Басшы басқарады. Досшыл – дос табады, Қасшыл – қас табады. Төсшіл – төс қағады, Асшыл – ас бағады. Бәсшіл – бәстеседі, Мәсшіл – мәс теседі. (көркем әдебиет)	оқу. Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. (көркем әдебиет)		Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Алақанды ашамыз, Жарқын күнге қараймыз. (Балалар алақандарын алға созады, және ырғақпен жоғары- төмен бұрады) Бізге жылу бере ғой, Күш, қуатым тасысын. (Өздеріне шақырғандай саусақтарын қимылдатады) Саусақтарым жатпайды, Ешбір тыным таппайды.(Саусақтар ын бүгіп, қайта	
--	---	--	--	---	--

				ашады) Тук-тук, балғалар, (Еңкейіп, кезек-кезек жұдырықтарымен тізелерін ұрады) Хлоп-хлоп, алақандар, (Тізелерін алақандарымен қағады) Оп-оп, секіреді қояндай, (Бүгілген саусақтарымен тізелерін қағады). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)				

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру	Ата-аналарға арналған "Жаңа оқу жылына дайындық шаралары" атты жаднамалары.		"Өзіне-өзі қызмет көрсете алу" тақырыбында кеңес беру.	